8. Өмірбекова Қ., Серкебаев Қ.- [Логопедия] – Алматы, 1996..
9. Қ. Қ. Өмірбекова- [Дыбыс айту кемшіліктері және түзету жолдары] – Алматы, 2005.
10. А.Т.Искакова, З.А.Мовкебаева, Г.Закаева, А.Т.Айтпаева, А.А. Байтурсынова- [[Инклюзивті білім беру негіздері] – Алматы, 2016.
11. Қ.Қ. Өмірбекова, Г.С.оразева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатаева - [Логопедия] –Алматы, 2011

Бекіткен
«Нұрлы болашақ» балабақшасының
директоры Ж.С. Ерглеуова
«15» сентябрь 2021 ж.



**«Ойнайық та, ойлайық»
4 жастағы ерекше білім қажет ететін
балаларға арналған арнайы түзету-дамыту
бағдарламасы**

Балабақша психологі: Ж.М.Уразгулова-Садуақасова

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі баланың ақыл - ой дамуы оның жалпы дамуының, мектепке дайындығының және одан әрі ересек өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Бұл күрделі процесс танымдық қызығушылықтарды қалыптастыруды, әртүрлі білім мен дағдыларды жинақтауды, сөйлеуді игеруді қамтиды.

Ақыл - ой дамуының «өзегі», оның негізгі мазмұны-ақыл-ой қабілеттерін дамыту- жаңа білім мен дағдыларды игерудің жеңілдігі мен жылдамдығын, оларды әртүрлі мәселелерді шешу үшін пайдалану мүмкіндігін анықтайтын психологиялық қасиеттер.

Балаларды мектепке дайындау үшін ақыл-ой қабілеттерін дамыту ерекше маңызды. Өйткені, баланың мектепке барған кезде қандай білімі бар екендігі ғана емес, оларды алуға дайын екендігі, ойлау, қиялдау, тәуелсіз қорытынды жасау, суреттер мен құрылымдардың жоспарлары туралы ойлау маңызды.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған 4-5 жас аралығындағы ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған «Ойнайық та, ойлайық» бағдарламасы. Бұл бағдарламада жаңа технологиялар қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардағы танымдық процестерді дамыту бойынша ойын іс-әрекетінің циклі.

Бағдарламаның мақсаты:

Танымдық қабілеті мен психологиялық үрдісін дамыту - қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял.

2. Танымдық ортасын дамыту – ойша қабылдауын дамыту, елестету қабілеті, бейнелік қабылдауы, сөздік-логикалық, шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауы.

3. Эмоциялық ортасын дамыту. Адами эмоциялық әлемге кіріспе

4. Қарым-қатынасын дамыту. Жағымды қарым-қатынас орнату үрдісін қадағалау

5. Тұлғалық даму бағыты өзін-өзі жағымды бағалауға, өз-өзіне сенімділігін арттыру

Бағдарламаның міндеті: ерекше білім қажет ететін балалармен дамыту-түзету жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру және келешекте баланың толық дамыған тұлға болып қалыптасуы мен әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Үлкендермен,өзінің құрбы-құрдастарымен өзара адекватты қарым-қатынас жасау;
- Ақпараттың танымдық түрлерін қолдану;
- Өзінің іс-тәжірибесінің нәтижесін көре білу;
- Өзінің ой-пікірі мен талап-тілектерін белсенді әрі ашық жеткізу;
- Үлкендермен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендігін көрсету және үлкендердің көмегін қабылдай білу;
- Құрбы-құрдастарының жанынан табыла білу,бір-біріне зиян келтірмеу,оларға үнемі көмек көрсету;
- Әдеттегі жағдайларда өзін адекватты ұстау;

Апта күндері тақырыбы	Міндеттері	Мазмұны
Қыркүйек		
1-2 апта	Диагностика	
3 апта «Жақын ортамен танысу»	<p>Баламен достық қарым-қатынас орнату, ойынға және ересектермен қарым-қатынасқа жағымды эмоционалды көзқарасты қалыптастыру. Таныс заттарды есте сақтауға үйрету. Түс қабылдауын, зейінін, ойлауын, ұсақ моторикасын дамыту;</p> <p>Күлімсіреу арқылы оң эмоциялар мен сезімдерді қалыптастыру; Жағымды және жағымсыз эмоцияларды ажырата білу қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>«Танысу» тренингі «Бір түсті заттарды ата» ойыны «Гүлдер алаңы» ойыны Жаттығу: «Айна» Этюд «Эмоция әлемі»</p>
4 апта «Отбасы»	<p>Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелерін атап, ажырата білуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қуаныш сезімін көрсете білу. Жағымды эмоциялармен жұқтыру. Жәй музыка арқылы эмоционалдық күйді үйлестіру.</p>	<p>«Менің отбасым» тренинг «Отбасыма арналған сыйлық» ойыны «Дауысынан таны» ойыны Жаттығу: «Мен қуанамын...» Музыкалық үзіліс (мультхикаядан ана туралы ән)</p>
Қазан		
1 апта «Ойыншықтар»	<p>Сюжеттік тізбекті және себеп-салдар байланыстарын түсіну қабілетін дамыту. Сөздік қорын, зейінін, байқағыштығын, мимика мен қозғалыстың мәнерлілігін дамыту. Өз ойлары бойынша, қиялыңыздағы бейнелер жасау қабілетін дамыту. I</p> <p>Позитивті эмоциялар мен сезімдер туралы түсініктерді қалыптастыру; Бір-бірін сыйлай білуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p>	<p>Сәлемдесу «Дос болайық екеуміз» «Не жасырынды?» ойыны «Досыма сыйлық» күмтерапия. Үлгі бойынша графикалық тапсырма.</p>
2 апта «Менің құралдарым»	<p>Сөздік қорын толықтыра отырып, күнделікті қолданылатын сөздерді айта білуге үйрету. (қағаз, кайшы, бояу, кітап, желім, қарындаш) Үлестірмелі құрал арқылы жұмыстануға үйрету, қолдану ережелерін бекіту. Саусак моторикасын дамыту.</p> <p>Ересектер мен баланың өзара әрекеттесу процесінде ынтымақтастықты қалыптастыру. Реніш сезімі туралы түсіндіру, жаттығулар арқылы бекіту.</p>	<p>«Шебер саусақтар» қарындаштармен жаттығу «Кірпіге сыйлық» кайшымен жұмыс «Достық шеңбері» ойыны «Саматтың әңгімесі» этюд «Досыммен ойын» саусак жаттығуы</p>
3 апта «Күз»	<p>Күз мезгілі туралы білім беру. Ойын арқылы ойлау, зейін, үйлесімді сөйлей білу қабілетін дамыту. Тілдің грамматикалық құралдарын белсендендіру. Мимика арқылы көңіл-күйді жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Қарым-қатынаста өзара түсіністікке ықпал ететін жағымды мінез-құлық қасиеттерін реттей білуге үйрету.</p> <p>Ойын жаттығулар арқылы жағымсыз эмоцияларын реттей білу қасиетін дамыту</p>	<p>Сәлемдесу «Дос болайық екеуміз» «Күзгі саяхат» малбрс тастары «Күз белгілірі» ойыны «Қара да, көрсет» айнамен ойын жаттығу «Қоқыс жәшігі»</p>
4 апта «Күз сыйы»	<p>Жемістер турала ақпарат бере отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Ерікті зейінге арналған ойындардың шарттарын орындай білуге жаттықтыру.</p> <p>Эмоционалдық жағдайын анықтауға және бағалауға, сондай-ақ басқа адамдардың эмоционалдық жағдайына барабар жауап беруге үйрету. Жәй музыка арқылы эмоционалдық күйді үйлестіру.</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығуы «Қарама қарсы сөздер» жаттығуы «Жемістер шырыны» ойыны «Эмоция дүкені» ойыны Даналық әліппесі (Күй тындау)</p>

	Қараша	
1 апта «Бақшадағы дәрумен»	Таныс заттарды жанасу арқылы анықтауға, тактильді есте сақтау, қабылдау, сөйлеуді дамыту. Ұсақ моториканы, қимылдардың мәнерлілігін және эмоционалды жауаптылықты дамыту. «Көңіл-күй» ұғымын бекіту. Мінез-құлқын және эмоционалды жағдайын реттеуге үйрету, олардың жағдайын түзетудің әртүрлі әдістерімен таныстыру. Өзін-өзі релаксациялау әдістерін үйрету және психобұлшықет кернеуін жеңілдету.	«Көкөністер сызбасы» құмтерапия Мультхикая «Көкөністер әні» «Түрлі-түсті көңіл-күй» тренинг «Күнбағыс» этюд
2 апта «Сықырлы дорба»	Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Көрнекі есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ұсақ моториканы жаттықтыру. Белсенділік пен табандылық пен достыққа тәрбиелеу. Қорқыныш эмоциясымен таныстыру, көңіл-күйін көрсете білуге үйрету, қорқынышты жеңуге көмектесу.	«Боя-бояма» суретпен жұмыс «Сықырлы дорба» ойыны Көңіл-күйді көтеру ойыны «Көңілді жемістер» би жаттығуы «Қорқынышты аю» этюд
3 апта «Азық түлек» дүкені	Аталған азық түлектерді суретпен сәйкестіре отырып көрсету. Зейінділігін, ойлау қабілетін дамыту. Жұптық қасиет туралы түсінік беру. Жағымды мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыру.	«Дастархан» ойыны «Біссы шай» тыныс алу жаттығуы «Жақсы-жаман» ойыны «Эмоциясын тап» ойыны
4-апта «Ыдыс-аяқ»	Ыдыстар топтамасымен таныстыра отырып сөздік қорын толықтыру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қарындашты дұрыс ұстай білуге, графикалық дағдыларды дамытуға үйрету. Тренинг арқылы мейірімділік туралы түсініктерін қалыптастыру, жағымды мінез-құлық дағдыларына үйрету. Ойын-жаттығулар арқылы агрессияны босату.	«Көленкесін тап» ойыны «Ыдыстарды жинақта» баумен жұмыс «Орнын тап» лото «Дос болайық екеуміз» тренингі «Дауыс зорайтқыш» ойыны
	Желтоқсан	
1 апта «Біздің денеміз»	Оқиғаларды реттілікке келтіре білуге жаттықтыру Зейін, қабылдау, сөйлеуді дамыту. Графикалық дағдыларды жетілдіру. Өз қалауын, сезімдерін түсінуге, бойында жағымды қасиеттерді көре білуге үйрету. Жасалған жұмысқа қанағаттану, қуаныш сезімін көрсете білуге тәрбиелеу. Қозғалыс белсенділігін бақылай білуге жаттықтыру.	«Менің досым» ойыны «Шатасқан суретші» ойыны «Бейнені аяқта» ойыны «Құлақ-мұрын» эскизі
2 апта «Кім-кешек»	Киім-кешек туралы білімдерін толықтыру. Қабылдаудың тұтастығын, зейіннің шоғырлануын дамыту. Салыстыру қабілетін қалыптастыру. Ұсақ бұлшықеттер мен графикалық дағдыларды жаттықтыру. Есту сезімін қалыптастыру. Эмоциялық күйлерді ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; Мимика арқылы көңіл-күйді білдіру.	«Орының тап» ойыны «Кім киінген?» ойыны «Жапырымбак» құм терапия «Суретті аяқта» графикалық тапсырма «Сыйқырлы шеңбер» тренинг «Эмоция» этюд
3 апта «Қыс»	Қыс мезгілі, ауа-райы құбылыстары туралы түсінік бере отырып сөздік қорын молайту. Себеп-салдар байланыстарын орнатуды, сюжеттің реттілігін түсінуді жалғастыру. Көлемді қабылдауды, бейнелі және есту жадын, зейінді бөлуді, мимиканы дамыту, ұсақ бұлшықеттерді жаттықтыру. Ашу эмоциямен таныстыру, әлеуметтік қолайлы	«Мұз» Ойыны «Өлеңді қайтала» ойыны «Шатасқан суретші» ойыны «Зырғанақ» құмтерапия «Тентек бала» жаттығуы «Дауыс зорайтқыш» ойыны

	әдістерді қолдана отырып, жағымсыз көңіл-күйді жеңілдету жолдарымен таныстыру.	Тренинг «Ақкала»
4 апта «Қыс, Жаңа жыл»	Заттарды көлемі бойынша орналастыру, салыстыру, айырмашылықтарды табу қабілетін дамытуды жалғастыру. Мимика мен қозғалыстардың зейінін, сөйлеуін, мәнерлілігін дамыту. Белсенді ойын арқылы эмоционалдық шиеленістерді босату; Көңілді әуен арқылы жағымды эмоциялармен қуаттау.	«Мерекелік шырша» ойыны «Қыс қызығы» суретпен жұмыс «Боран соқты он жақтан» битерапия «Жаңа жылдық шеңбер»
	Қантар	
1 апта «Көліктер»	Көліктер түрлерімен таныстыра отырып, сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Ұсақ моториканы жаттықтыру. Жақсы қарым-қатынасты бағалай білуге және жақын достарымен қарым-қатынас жасаудан ләззат алуға үйрету, жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру. Ойын арқылы мидың екі жарты шарының дамыту	«Не жасырынды?» ойыны «Судағы қайық» коврограф Воскобовича «Сикырлы мозаика» ойыны «Менің машинам» Дъеньш текшелері «Көмекші» марблс тастары, сызба
2 апта «Сандар сыры»	Реттік санау дағдыларын дамыту. Көрнекі есте сақтауды жаттықтыруды жалғастыру, зейін, жалпы қабылдау қабілетін дамыту. Эмоциямен жұмыста өткенді қайталау, білім, білік дағдыларын бекіту Қайғы-қасиетті эмоциямен таныстыру, жағымсыз көңіл-күйді жеңілдету жолдарымен таныстыру.	«Қар кесегі» ермексазбен жұмыс «Серуенде» суретпен жұмыс «Бір,екі,үш біз жинаймыз күш» сергіту сәті «Менің эмоциям» ойыны «Қашан келеді?»» этюд
3 апта «Ойнайық та,санайық»	Сандар туралы білімдерін бекіту. Ұлттық ойындар арқылы санауға, сандарды ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Заттарды салыстыры білуге жаттықтыру (көп-аз) Әртүрлі эмоционалдық күйлерді, көңіл-күйді, тұлғалық қасиеттерді білдіретін белсенді сөздіктегі лексиканы бекіту	«Қанша-сонша» ойыны «Тиісті санды тап» ойыны «Мүсінде» ермексазбен жұмыс «Эмоция белгісі» айнамен жұмыс
4 апта «Қысқы орманға саяғат»»	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң,сол,жоғары,томен, үстінде,астында ұғымдары туралы білімдерін толықтыра отырып, баланың қиялын, логикалық қабілетін қалыптастыру. Құлық тұлғалық қасиет туралы түсініктерін кеңейту; Бет-әлпет және пантомима жаттығулары арқылы эмоциялық күйді білдіру қабілетін бекіту;	«Жол салу» сызбамен жұмыс «Тықылыспақ» ойыны «Кім шапшан?» құмтерапия «Тұлкінін тапсырмасы» ойыны «Отырғыш» кимылды ойын
	Ақпан	
1 апта «Пішіндер»	Пішіндерді атауға,ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Зейінді шоғырландыруды, ұсақ моториканы дамыту. Біртұтас сөйледуді, бейнелі ойлауды қалыптастыру. Таңғаларлық эмоциямен таныстыру, басқалардың көңіл-күйін сезіну және басқаларға жанашырлық таныту қабілетін дамыту. Эмоцияны көрсете білуге жаттықтыру.	«Шебер саусак» құмтерапия «Пішінмен сайкестір» ойыны «Пішініне қарай жинақта» Дъеньш текшелері «Суреттегі оқиға» эмоциялық тапсырма «Тында-көрсет» ойыны

2 апта «Пішіндер аралы»	<p>Пішіндермен таныстыруды жалғастыру. Зейін, есте сақтау қабілетін дамыту, ұсақ моториканы қалыптастыру. Біртұтас сөйлеуді, бейнелі ойлауды қалыптастыру.</p> <p>Таңғаларлық эмоциямен таныстыруды жалғастыру, басқалардың көңіл-күйін сезіну және басқаларға жанашырлық таныту қабілетін дамыту. Эмоцияны көрсете білуге жаттықтыру.</p>	<p>«Жасырынбақ» құмтерапия «Орынына орналастыр» ойыны «Мүсін құрастыр» Дьеныш текшелері «Айна» эмоциялық тапсырма «Қайтала» ойыны</p>
3 апта «Түстер»	<p>Заттарды түстері бойынша орналастыру, салыстыру, айырмашылықтарды табу қабілетін дамытуды жалғастыру. Толық жауап беруін қадағалай отырып, түстер атауын бекіту.</p> <p>Эмоциялар мен көңіл-күйді ажырату және білдіру қабілетін қалыптастыру. «Достық» ұғымын түсіндіру.</p>	<p>«Мұнара» ойыны «Түрлі-түсті әлем» ойыны «Гүлдер алаңы» ойыны «Тізбек» ойыны «Ол қандай?» ойыны</p>
4 апта «Түрлі-түсті әлем»	<p>Түстерді ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Толық жауап беруін қадағалай отырып, түстер атауын бекіту.</p> <p>Ойынға қатысудан жағымды эмоция қалыптастыру. Тұлғаның жағымды және жағымсыз қасиеттері туралы түсініктерін бекіту.</p>	<p>«Көп қабатты үй» роботатехника «Түрлі-түсті жолақтар» ойыны «Қыстырғыш» ойыны «Эмоция жолы» ойыны</p>
Наурыз		
1 апта «Үй жанурлары»	<p>Үй жануарларын ажырата білуге үйрету. Саусак театры арқылы білімдерін толықтыру. Жалпы қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Қуыршақ терапиясы кезінде ашу, қызғаныш, реніш сияқты жағымсыз көңіл-күй мен сезімдер туралы білімдерін қалыптастыру</p>	<p>«Кім қайда тұрады?» ойыны «Баласын тауып бер» ойыны «Дауысынан таны» ойыны «Менің досым» роботатехника «Жануардың көңіл-күйі» құыршақ терапия</p>
2 апта «Жабайы аңдар»	<p>Орманға саяхат арқылы аңдар туралы мағлұмат беру. Қиялын, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Саусак ойыны арқылы сөйлеу әрекетін белсендіру. Әлеуметтік және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Эмоционалды жайсыздықты жеңілдету. Мінездің оң және теріс белгілері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>«Ормандағы аңдар» АҚТ сурет сипаттамасы «Жасырынған аңдарды ата» АҚТ ойыны Саусак жаттығуы «Көңілді аңдар»</p>
3 апта «Көктем келді, алақай!»	<p>Көктем мезгілі, ауа-райы құбылыстары туралы түсінік бере отырып сөздік қорын молайту. Көлемді қабылдауды, бейнелі және есту жадын, зейінді бөлуді, Мидын екі жарты шарын дамыту.</p> <p>Ашу эмоциямен таныстыруды жалғастыру, әлеуметтік қолайлы әдістерді қолдана отырып, жағымсыз көңіл-күйді жеңілдету жолдарымен таныстыру.</p>	<p>«Гүлдер гүлзары» тренинг «Белгілерді орналастыр» ойыны «Доп, доп домала...» жаттығуы «Қоқыс толы шелек» жаттығуы «Екі теке» қимылды ойыны</p>
4 апта «Анама сый»	<p>Мереке туралы сурет арқылы жеткізу. Сөздік қорын жетілдіру. Өн тындау арқылы балалардың анасына деген сезімдері туралы түсініктерін нақтылау. Үлкендерді сыйлай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Өртүрлі эмоционалдық көңіл-күйді және жеке қасиеттерді білдіретін сөздіктің белсенді сөздігінде шоғырландыру.</p>	<p>«Қандай сыйлық?» менталды карта «Анама сыйлық» жапсыру жұмысы Видео құттықта АҚТ</p>
Сәуір		

1 апта «Кұстар»	<p>Кұстар турала ақпарат бере отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Ерікті зейінге арналған ойындардың шарттарын орындай білуге жаттықтыру.</p> <p>Эмоционалдық жағдайын анықтауға және бағалауға, сондай-ақ басқа адамдардың эмоционалдық жағдайына барабар жауап беруге үйрету. Жәй музыка арқылы эмоционалдық күйді үйлестіру.</p>	Тіл ұстарту жаттығуы «Ға-Ға- Ға- ұшты қарға» «» ойыны «Эмоция дүкені» ойыны Даналық әліппесі (Күй тындау)
2 апта «Өз Наурыз»	<p>Еліміздің ұлттық мерекесі туралы бейнеролик арқылы әңгімелеп беру. Елімізге мақтаныш сезімін ояту. Ұлттық ойындарды естеріне түсіру. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Таңғаларлық эмоциямен таныстыруды жалғастыру. басқалардың көңіл-күйін сезіну және басқаларға жанашырлық таныту қабілетін дамыту. Эмоцияны көрсете білуге жаттықтыру.</p>	«Туған елдей-ел болмас» лэпбук тапсырмалары «Оюларды орналастыр» ойыны «Қошқармүйіз» марблс тастары Күй тындау (даналық әліппесі)
3 апта «Өсімдіктер әлемі»	<p>Өсімдік туралы мағлұмат беру. (шөп, ағаш, шырша, гүл, жапырақ) Оларды суретте көрсетіп ажырата білуге үйрету. Көрнекі-бейнелі ойлауды, зейінді, үйлесімді сөйлеуді дамыту. Қабылдау мен кеңістіктік көріністерді жетілдіру.</p> <p>Қорқыныш эмоциясымен таныстыруды жалғастыру, көңіл-күйін көрсете білуге үйрету, қорқынышты жеңуге көмектесу.</p>	«Ұшты-ұшты» жаттығуы «Тез құрастыр» ойыны «Аралар келді» жаттығуы «Әдемі гүл» құмтерапия «Ақаштын бейнесі» этюд
4 апта «Мамандықтар»	<p>Мультфильм арқылы мамандықтар туралы түсінік беру. Өз ата-аналары туралы, олардың мамандық туралы әңгімеге тарту. Қиялын, қабылдауын дамыту. Өз ата-аналарының мамандықтары туралы білгенін қысқаша айтып беру.</p> <p>Музыканың көмегімен эмоционалдық күйді үйлестіру. сурет арқылы жағымды және жағымсыз эмоциялық күйлер, жағымды және жағымсыз мінез-құлық туралы алған білімдерін бекіту.</p>	«Менің мамандығым» мультхикая «»Құралын белгіле» ойыны «Өз затынды тап» графикалық тапсырма «Тәрбиеші апайым» әнін тындау
	Мамыр	
1 апта «Бірлік күні»	<p>1-Мамыр бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен сурет арқылы таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.</p> <p>Психожаттығулар көмегімен әртүрлі эмоционалдық күйлер туралы ойларын бекіту. Эмоцияларын көрсете білуге жаттықтыру.</p>	«Мерекелік каллаж» жапсыру тапсырмасы «Түрлі-түсті жалаулар» би терапия «Смайлик» құмтерапия «Қарап отырып бейнеле» сурет тапсырмасы
2 апта «Жаз»	<p>Есте сақтауды, зейінді шоғырландыру мен бөлуді дамытуды жалғастыру. Жәндіктер туралы білімдерін бекіту</p> <p>Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу</p> <p>Эмоциямен жұмыста өткенді қайталау, білім, білік дағдыларын бекіту. Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>Адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру.</p>	«Барлық шегірткелерді тап» ойыны Ойын «Қате қайда жасырылады?» «Гүлзардағы гүлдер» ойыны «Қоян мен түлкі» ойыны «Нәзік сөз» ойыны «Менің эмоцияларым»
3-4 апта	Диагностика	

Әдебиеттер тізімі:

1. Керімбекова Ж. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің тежелуі Ұлағат. - 2007. - №5. Б.24-28
2. Құсайынов Д. Мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін логопедиялық сабақта қолданылатын әдістер. // Дефектология - 2009. - №2. - Б.10-13
3. Аяпова Т.Т. Семантика онтогенезі және тілдік белгілердің даму ерекшеліктері. – Алматы, 2001.
4. Ерсарина Е.К., Айтжанова Р.К. Диагностика нарушений психофизического развития у детей: Справочно-метод.руководство для специалистов ПМПК. – Алматы, 2010.
5. Жанабергенова Г.Б. Задержка речевого развития у детей. //Тілашар. Логопед. – 2010. – №2.
6. Н.И. Гуткина Н.И. Внимание .Новгород,1996
7. О.В. Лебедева «Организация и содержание специальной психологической помощи детям с проблемами в развитии»
8. Мамайчук И.И., Ильина М.Н. «Помощь психолога ребенку с задержкой психического развития»
9. Макарова Л.С. «Организация и коррекционно – развивающее обучение дошкольников с ЗПР»
10. Алябьева Е.А. Занятия по психогимнастике с дошкольниками: Методическое пособие. – М.: ТЦ. Сфера, 2008.
11. Кряжева Н.А. Развитие эмоционального мира дошкольников. - Ярославль, 1995.
12. Давай познакомимся! Тренинговое развитие и коррекция эмоционального мира дошкольников 4-6 лет / Автор - сост.И. А. Пазухина Детство-Пресс, С. – Петербург, 2004.
13. Пасечник Л.В. Коррекция тревожности и гиперактивности в детском возрасте.- М.: ТЦ Сфера, 2007.
14. Программа «Формирование ключевых компетенций у детей 4-6 лет с задержкой психического развития»/ Авторский коллектив-Гуськова М.А., Можейко А.В., Фирсова Е.А., 2016.
15. Коррекция поведенческих нарушений у детей. Сборник упражнений и игр Ю.В.Царева 2008.
16. Коммуникативная компетентность дошкольников. Сборник игр и упражнений. 2009.
17. В мире детских эмоций, Данилина Т.А., Зедгенидзе В.Я., Степина Н.М., 2004

«Бекітемін»
«Нұрлы балашақ» балабақшасының
директоры: Ертлеуова Ж.С.
«18 селіс» 2021 жыл



«Қызықты ойындар әлемі»
3 жастағы ерекше білім қажет ететін
балаларға арналған арнайы түзету-дамыту
бағдарламасы

Балабақша психологі: Уразгулова-Садуақасова Ж.М.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйымдар балаларға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгертумен қатар табиғат, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейте отырып, олардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділігін оятып, шығармашылық қабілетінің дамуына түрткі болып, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Мектепке дейінгі шақ – баланың сезімдік деңгейінің дамуына, қабылдау мен ойлау, қиял, зейін мен естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болып саналады.

Мектепке дейінгі жастағы даму, тиімді болмайды, егер оның өмірге деген қуанышты көңіл күйі болмаса. Баланың қуанышын бекіте түсетін негіз, ол зейін мен мейірімділік болып табылады. Бұл кездегі баланың жетекші іс-қимылы ойын болып табылады. Бала басқа іс-әрекетке қарағанда ойында ашылады. Ойын іс-әрекетінің көмегімен бала өзін қызықтыратын әлем, үлкендердің өміріне қол жеткізетіндей. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып берілген балалардың танымдық процесін дамыту бағдарламасы өз мақсаттары мен міндеттерін ойын арқылы таратады. Бағдарлама педагог психолог мамандарына 3-жастағы ерекше білім қажет ететін балалармен түзету жұмысын өткізуге арналған. Ұсынылып отырған тапсырмалар баланың қабілетін айқындап, жас ерекшелігіне қарай жұмыс түрлерімен шұғылдануға мүмкіндік береді.

Мақсаты:

- кішкентайларда позитивті көңіл-күй құру;
- «балалар- үлкендер» қатынасын бекіту;
- қайырымдылық, мейірімділік, қайғыру және басқада жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

Міндеті:

- балаларда адамдардың эмоционалдық жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру және оларды ажыратып, түсінуге үйрету;
- сөздік қорларын түрлі эмоциялық жағдайын анықтайтын сөздермен толықтыру;
- қаным қимылдарды жасауға үйрету, жай эмоциялық жағдайды мимика, ишара арқылы бере білуін дамыту;
- балаларда психикалық ес, зейін, ой, қабылдау процесстерінің дамуына серпіткі тигізу;
- балаларда жағымды моральдық қасиеттерді қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Психолог пен балалардың арасындағы позитивті эмоциялық қатынасты орнату мен жақсарту, танысу;
- Балаларда психикалық процестердің дамуына серпіліс беру;
- Балаларға адамдардың әр-түрлі эмоциялық жағдайын ажыратуды үйренуге, басқалардың сезімін бөлісуге көмектеседі.

Арнайы түзету-дамыту жұмысының жосмары

№	Тақырыбы	Мақсаты Қыркүйек	Мазмұны
1-2	Диагностика		
3.	«Танысу шеңбері»	Баламен достық қарым-қатынас орнату, ойынға және ересектермен қарым-қатынасқа жағымды эмоционалды көзқарасты қалыптастыру. Таныс заттарды есте сақтауға үйрету.	Ойын жаттығу «Танысу шеңбері» Д/ойын «Шапалақ» Д/ойын «Көңіл-күй айнасы» Д/ойын «Сыйлық»
4.	«Достарым»	Жануарлар туралы білімдерін пысықтау. Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Мимика, көңіл күй қимылдарын жақсарту, есте сақтауды, ойлауды дамыту.	Д/ойын «Кім қайда тұрады?» ойыны «Баласын тауып бер» ойыны «Дауысынан таны» ойыны
Қазан			
5.	«Менің отбасым»	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелерін атап, ажырата білуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	«Отбасы» тақырыбында әңгімелесу. Д/ойын «Менің отбасым» Д/ойын «Кімге не бересін?»
6.	«Күз»	Күз мезгілі туралы білім беру. Ойын арқылы ойлау, зейін, үйлесімді сөйлей білу қабілетін дамыту. Саусак моторикасын дамыту.	«Күз белгілірі» ойыны жаттығу Д/ойын «Күзгі саяхат» Д/ойын «Қара да, көрсет»
7.	«Жемістерді бағы»	Жемістер турала ақпарат бере отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Есте сақтау қабілетін арттыру, ойшыл болуға тәрбиелеу.	Тіл ұстарту жаттығуы «Қандай жеміс?» жаттығуы «Жемістер шырыны» ойыны
8.	«Бау-бақша»	Көкөністерді ажырата білуге, есте сақтау, қабылдау, сөйлеуді дамыту. Ұсақ моториканы, қимылдардың мәнерлілігін және эмоционалды жауаптылықты дамыту.	«Жасырынбақ» күмтерапия Мультхикая «Көкөністер әні» «Себетке жина» ойыны «Құрастырып көр» ойыны
Қараша			
9.	«Үлкен-кіші»	Түстер туралы білімдерін бекіту. Заттарды көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын кеңейту, есті дамытуды жалғастыру.	«Кірпіге сыйлық» үлестірмелі құралмен жұмыс «Достық шеңбері» ойыны Д/ойын «Менің үйім»
10.	«Түсіне қарай таңда»	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру. Балалардың эмоционалдық саласын дамыту.	«Қыстырғыш» ойыны жаттығу Д/ойын «Мұнар» Д/ойын «Бейне құрастыр»
11.	«Әуе шарлары»	Берілген үлгіге қарап түстерді сәйкестендіріп таңдау жолдарымен	Ойын жаттығу «Кім шапшаң?»

		таныстыру. Балалардың зейінділіктерін дамыта отырып, ойын жеткізе білуге үйрету.	Д/ойын «Жолын тауып белгіле» Д/ойын «Сикырлы саусақтар» құмтерапия Д/ойын «Топтастыр»
12.	«Күздің сыйлығы»	Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ұсақ моториканы жаттықтыру. Мейірімді болуға тәрбиелеу.	«Боя-бояма» суретпен жұмыс «Сикырлы дорба» ойыны «Көңілді жемістер» би жаттығуы
Желтоқсан			
13.	«Пішіндер қорабы»	Пішіндерді атауға, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Зейінді шоғырландыруды, ұсақ моториканы дамыту.	«Шебер саусақ» құмтерапия «Пішінмен сайкестір» ойыны «Пішініне қарай жинақта» Дьенъш текшелері
14.	«Қуыршақ қонаққа келді»	Ойыншықтар туралы білімдерін пысықтау. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға, достарымен бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.	«Дос болайық екеуміз» жаттығуы «Не жасырынды?» ойыны «Досыма сыйлық» құрастыру ойыны
15.	«Қыс»	Қыс мезгілі, ауа-райы құбылыстары туралы түсінік бере отырып сөздік қорын молайту. Себеп-салдар байланыстарын орнатуды, сюжеттің реттілігін түсінуді. Есте сақтау, зейін, мимиканы дамыту, ұсақ бұлшықеттерді жаттықтыру.	«Ұллақар» ойыны «Өлеңді қайтала» ойыны «Шатасқан суретші» ойыны «Ақұала» дымкыл құммен жұмыс
16.	«Шыршаны безендіреміз»	Түстеріне қарай топтастыруға үйрету. Тіл байлығын арттыру, мимиканы, кимыл қозғалысты дамыту, ұсақ моториканы дамыту. Битерапия арқылы мерекелік көңіл күй орнату.	«Мерекелік шырша» ойыны «Қыс қызығы» суретпен жұмыс «Боран соқты он жақтан» битерапия
Қантар			
17.	«Серуен»	Киім-кешек туралы білімдерін толықтыру. Қабылдаудың тұтастығын, зейіннің шоғырлануын дамыту. Салыстыру қабілетін қалыптастыру. Ұсақ бұлшықеттер, зейінділіктерін дамыту.	«Кім не киеді?» ойыны «Түстері бойынша топтастыр» ойыны «Тиісті киімді боя» бейнелеу тапсырмасы «Не артық?»
18.	«Алақай, қонақ келді!»	Азық-түлектерді суретпен сайкестіре отырып көрсету. Сөздік қорын толықтыру. Ақсаға зиян тағамдар туралы мағлұмат беру. Зейінділігін, ойлау қабілетін дамыту. Қонақжайлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	«Дастархан әзірлейміз» ойыны «Ыссы шай» тыныс алу жаттығуы «Жақсы-жаман» ойыны
19.	«Ыдыстар»	Ыдыстар топтамасымен таныстыра отырып сөздік қорын толықтыру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру, ойлауды, қиялды дамыту.	«Көленкесін тап» ойыны «Ыдыстарды жинақта» баумен жұмыс «Орнын тап» ойыны
20.	«Біздің денеміз»	Дене мүшелерін айта білуге үйрету. Зейін,	«Орнына орналастыр»

		қабылдау, сөйлеуді дамыту. Қозғалыс белсенділігін бақылай білуге жаттықтыру.	ойыны «Бейнені аяқта» ойыны «Құлақ-мұрын» жаттығуы «Қайтала» би жаттығуы
		Ақпан	
21.	«Ормандағы достарым»	Орманға саяхат арқылы аңдар туралы мағлұмат беру. Қиялын, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Саусак ойыны арқылы сөйлеу әрекетін белсендіру. Әлеуметтік және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру	«Ормандағы аңдар» суретке сипаттама беру «Жасырынған аңдарды ата» Саусак жаттығуы «Көңілді аңдар»
22.	«Аулада»	Үй жануарларын ажырата білуге үйрету. Ойын арқылы білімдерін толықтыру. Жалпы қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту. Қамқорлық, мейірімділік сезімдерін қалыптастыру.	«Баласын тауып бер» ойыны «Дауысынан таны» ойыны «Жануардың көңіл-күйі» битерапия
23.	«Құстар тіршілігі»	Үй құстары турала ақпарат бере отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту	Тіл ұстарту жаттығуы «Ға-Ға- Ға- үшты қарға» «Балапаның анасына жеткіз» ойыны
24.	«Дала құстары»	Дала құстардың тіршілігімен таныстыру. Олардың ерекшеліктерін сипаттап, оларға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін ояту. Сөздік қорын толықтыру.	Суретпен жұмыс «Ұлпілдек мамық» тыныс алу жаттығуы «Құстар бейнесі» ойын жаттығуы
		Наурыз	
25.	«Аналар мерекесі»	Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып қуанышты көңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру. Үлкендерді сыйлай білуге тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгімелесу Д/ойын «Гүл шоғы» Ана туралы өлен жолдарын жаттау (2 жол) «Қорапшаға орналастыр» ойыны
26.	«Анама сый»	Мереке туралы білімдерін толықтыра отырып, аналарға ашық хат жасау. Сөздік қорын жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Аналар мерекесі туралы сұрақ-жауап Ашық хат әзірлеу
27.	«Көктем»	Көктем мезгілі, ауа-райы құбылыстары туралы түсінік бере отырып сөздік қорын молайту. Көлемді қабылдауды, бейнелі және есту жадын, зейінді бөлуді	Д/ойын «Көктем» «Артығын тауып белгіле» ойыны «Ағаштар бүршік жарды» арттерапия
28.	«Наурыз» мерекесі	Еліміздің ұлттық мерекесі туралы сурет арқылы әңгімелеп беру. Елімізге мақтаныш сезімін ояту. Ұлттық ойындарды естеріне түсіру. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.	Д/ойын «Наурыз көже» «Арқан тартыс» ойыны «Асық ату» ойыны Күй тындау (даналық әліппесі)
		Сәуір	
29.	«Тапқыр»	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Он, сол, үстінде, астында, қасында, артында ұғымдарын бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, достыққа тәрбиелеу.	Д/ойын «Ойыншықты орналастыр» «Капитан» ойыны «Не қайда орналасты?»

			ойыны
30.	«Аз-көп»	Заттарды санына қарай салыстыруға үйрету. Көп, аз ұғымдарын пысықтау. Ойлау қабілетін дамыту. Теңестіру жолдарына бағыттау. Зейіндерін тұрақтау. Ұқыптылыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	«Салыстыр да орналастыр» жаттығуы «Кім шапшан?» ойыны «Суретке қарап қойып шық » жаттығуы «Қанша-сонша» кұмтерапия
31.	«Өсімдіктер»	Өсімдек туралы мағлұмат беру. (шөп,ағаш, гүл, жапырақ) Оларды суретте көрсетіп ажырата білуге үйрету. Көрнекі-бейнелі ойлауды, зейінді, үйлесімді сөйлеуді дамыту.	«Ұшты-ұшты» жаттығуы «Тез құрастыр» ойыны «Аралар келді» жаттығуы «Әдемі гүл» кұмтерапия
32.	«Көліктер»	Көліктер түрлерімен таныстыра отырып, сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Ұсақ моториканы жаттықтыру.	Д/ойын «Құрастыр да ата» Д/Ойын «Қандай көлік жасырынды?» «Гараж құрастыру» роботатехника
		Мамыр	
33.	«Бірлік күні»	1-Мамыр бірлігі күні турал сурет арқылы мағлұмат беру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен сурет арқылы таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.	«Суретті аяқта» арттерапия «Мерекелік жалауша» д/ойын «Түрлі-түсті гүлдер» би терапия
34.	«Жаз»	Жаз мезгілі туралы сурет арқылы түсіндіру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу Табиғаттың өсімдігін, сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.	«Көбелектерді тап» ойыны «Гүлзардағы гүлдер» ойыны «Қоян мен түлкі» ойыны
35-36	Диагностика		

Әдебиеттер тізімі:

1. Керімбекова Ж. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің тежелуі
Ұлағат. - 2007. - №5. Б.24-28
2. Құсайынов Д. Мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін логопедиялық сабақта
қолданылатын әдістер. // Дефектология - 2009. - №2. - Б.10-13
3. Аяпова Т.Т. Семантика онтогенезі және тілдік белгілердің даму ерекшеліктері.
– Алматы, 2001.
- 4 Ерсарина Е.К., Айтжанова Р.К. Диагностика нарушений психофизического развития
у детей: Справочно-метод.руководство для специалистов ПМПК. – Алматы, 2010.
5. Пашков А.Г. Педагогические основы социальной реабилитации детей с
органиченными возможностями
6. Жанабергенова Г.Б. Задержка речевого развития у детей. //Тілашар. Логопед.
– 2010. – №2.
7. Н.И. Гуткина Н.И. Внимание .Новгород,1996
8. О.В. Лебедева «Организация и содержание специальной психологической помощи
детям с проблемами в развитии»
9. Мамайчук И.И., Ильина М.Н. «Помощь психолога ребенку с задержкой
психического развития»
10. Макарова Л.С. «Организация и коррекционно – развивающее обучение
дошкольников с ЗПР»